

"Ұстаз мүддесі – кәсіподақ назарында" атты журналистер арасындағы Республикалық байқауының ЕРЕЖЕСІ

Байқау ұйымдастырушысы:

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі

1. Жалпы ережелер:

1.1. Журналистер арасындағы байқау Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының білім қызметкерлерінің әлеуметтік-экономикалық, еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғау, педагог мәртебесін арттыру және білім берудің проблемалық мәселелерін барынша шынайы түсіндіру жөніндегі қызметін әділ және жан-жақты жариялау үшін өткізіледі.

1.2. Байқаудың атауы: **"Ұстаз мүддесі – кәсіподақ назарында"**

1.3. Осы Ереже Байқауды ұйымдастыру, өткізу және қорытындылау тәртібін реттейді.

2. Мақсаттары мен міндеттері:

2.1. Ұстаз бен оның мәртебесін арттыру, сондай-ақ білім саласында болып жатқан процестер туралы жағымды қоғамдық пікірді одан әрі қалыптастыру;

2.2. Салалық Кәсіподақтың қоғамдағы және кәсіподақ мүшелері – республиканың білім қызметкерлерінің әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселесіндегі рөлі мен орнын арттыру;

2.3. Сала Кәсіподағының педагог мәртебесін арттыру жөніндегі қызметінің мәселелерін жариялаумен айналысатын журналистер мен БАҚ қызметін жандандыру.

3. Байқау мерзімі және қатысу шарттары:

3.1. Байқауға қатысуға білім қызметкерлерінің өзекті мәселелерін шешу жөніндегі Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының қызметін, оның білім қызметкерлерінің өзекті мәселелерін

шешу жөніндегі билік органдарымен өзара әрекетін, Салалық кәсіподақ пен ҚР Білім және ғылым министрлігінің педагогтардың мәртебесін арттыру жөніндегі Салалық келісім аясындағы қызметін, Салалық кәсіподақтың кәсіподақ мүшелерін әлеуметтік-экономикалық және құқықтық қорғау жөніндегі жұмыс тиімділігін, әрбір еңбек адамының өміріндегі кәсіподақтың рөлі мен орнын жариялайтын республикалық және аймақтық БАҚ журналистері шақырылады.

3.2. Материалдар қазақ және орыс тілдерінде қабылданады: мақалалар, сұхбат, репортаждар, очерктер, теле-, радио-, интернет материалдары (ақпараттық сайттар).

3.3. Байқауға қатысу үшін ықтимал қатысушылар **2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап 30 тамызына** дейін шыққан тақырыптар бойынша материалдарды ұсыну қажет:

- жарияланымдар түпнұсқалары, көшірмелері, скриншоттары;
- теле және радиобағдарламалардың электрондық нұсқадағы жазбалары.

Байқау жұмыстары рецензияланбайды және қайтарылмайды. Ұйымдастырушылар жіберілген байқау материалдарын аталған Байқауды алға жылжыту және таныту мақсатында қолдануға құқылы.

3.4. Байқауға қатысу үшін номинациясын көрсетіп және материалды ұсына отырып, "Ұстаз мүддесі – кәсіподақ назарында" атты Республикалық байқауға қатысуға сұраным-сауалнамасын (Қосымша №1) толтыру қажет.

3.5. Байқауға қатысуға бір автордан екі-үш материалдан артық қабылданбайды.

4. Байқау номинациялары:

- "Кәсіподақ ұйымының қызметін үздік жариялағаны үшін"
- "Педагог мәртебесі туралы" үздік материал"
- "Білім беру ұйымының қызметін үздік жариялау"
- "Педагог туралы үздік әлеуметтік ролик" (3 минутқа дейін)

5. Байқаудың қазылар алқасы

5.1. Қатысушылар жұмысын бағалау үшін құрамына сала Кәсіподағының, Білім және ғылым министрлігінің өкілдері, танымал республикалық басылымдардың атақты медиа тұлғалары кіретін кемінде 5 адамнан тұратын Қазылар алқасы құрылады.

5.2. Байқау жеңімпаздарын таңдау өлшемі төмендегі талаптарға қарай бағаланатын материалдар сапасы болып табылады:

- мәселенің өзектілігі және әлеуметтік маңыздылығы;

- ақпаратты жинау мен ұсыну әдістерінің жаңашылдығы және өзінділігі;

- мазмұндау тілі мен стилінің дәлдігі және түсініктілігі;

- кәсіптік тәсілдеме.

5.3. Байқау қорытындысы **2020 жылдың 30 қыркүйегіне дейін** шығарылады.

Байқауға материалдар төмендегі мекенжай бойынша жіберіледі немесе ұсынылады:

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Абай даңғылы, 38 үй, 315 каб.,
«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы» ҚБ,
"Байқау" белгісімен

Е-mail: **proin.kz@mail.ru**

Анықтама үшін телефондар: 8(7172) 21-04-54,
21-70-76

**"Ұстаз мүддесі – кәсіподақ назарында" атты журналистер арасындағы
Республикалық байқауға қатысуға
СҰРАНЫМ**

1	Байқау номинациясы	
2	БАҚ атауы	
3	Редакцияның мекенжайы мен телефоны	
4	Материал атауы	
5	Жарияланым/эфирге шығу күні	
6	Автордың тегі, аты-жөні, әкесінің аты	
7	Туған күні	
8	Лауазымы	
9	Журналистік өтілі	
10	Жеке куәлігі (ЖСН, нөмірі, қашан, кіммен берілді)	
11	Байланыс телефоны	

Ескертпе: аталған сұранымға жеке куәлік көшірмесі тіркеледі (екі жағы).